

## Ресейдің ракетасы бөлігінің Қарағанды облысына құлауының зардаптарын зерделеу жөніндегі Үкіметтік комиссия туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 6 шілде N 937

Ресейдің ракетасы бөлігінің Қарағанды облысының Көктас (Карбышевка) селосы маңында аварияның салдарынан құлауы фактісін тексеру, мүмкін болатын зардаптардың алдын алу, зиян мен медициналық-санитарлық, экологиялық, техногендік зардаптарды айқындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мына құрамда Үкіметтік комиссия құрылсын:

Павлов Александр - Қазақстан Республикасы Премьер-  
Сергеевич Министрінің орынбасары, төраға

Школьник Владимир - Қазақстан Республикасының Ғылым  
Сергеевич және жоғары білім министрі,  
орынбасар

Бижанов Нұрахмет - Қазақстан Республикасының  
Құсайынұлы Төтенше жағдайлар жөніндегі  
агенттігі төрағасының міндетін  
атқарушы, орынбасар

Дәукеев Серікбек - Қазақстан Республикасының Табиғи  
Жүсіпбекұлы ресурстар және қоршаған ортаны  
қорғау министрі

Әубәкіров Тоқтар - Қазақстан Республикасы  
Оңғарбайұлы Президентінің кеңесшісі (келісім  
бойынша)

Ертаев Бақытжан - Қазақстан Республикасының Қарулы  
Күштері Бас штабының бастығы -  
Қорғаныс министрінің бірінші

орынбасары

- Нәрібаев Бекжасар - Қазақстан Республикасының  
Нәрібайұлы Сыртқы істер вице-министрі
- Есенбаев Мәжит - Қарағанды облысының әкімі  
Төлеубекұлы
- Молдабеков Мейірбек - Қазақстан Республикасының Ғылым  
және жоғары білім министрлігі  
Аэроғарыш комитетінің төрағасы
- Дүрімбетов Еркен - Денсаулық сақтау комитеті  
Ермекұлы төрағасының орынбасары -  
Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік санитарлық дәрігері
- Сизов Александр - Қазақстан Республикасының Ауыл  
Павлович шаруашылығы министрлігінің Жер  
ресурстарын басқару жөніндегі  
комитеті төрағасының орынбасары
- Тұрсынқұлов Шахайдар - Қазақстан Республикасы Ауыл  
Жорабекұлы шаруашылығы министрлігінің Мал  
дәрігерлік қадағалау комитеті  
төрағасының орынбасары
- Ыбрайымов Рүстем - Қазақстан Республикасының Ішкі  
Әнуарұлы істер министрлігі Арнайы полиция  
бас басқармасының бастығы
- Оракеев Николай - Қазақстан Республикасының  
Торғауытұлы Қорғаныс министрлігі Қару-жарак  
департаментінің бастығы
- Қожақов Асан - Қазақстан Республикасының  
Егенбайұлы Сыртқы істер министрлігі ТМД  
департаментінің директоры

Ералы Нұрахмет - Қазақстан Республикасы Ғылым  
Жұмахметұлы және жоғары білім министрлігінің  
басқарма бастығы

Балапанов Зейнелқабден - Қазақстан Республикасының  
Тәукенұлы Парламенті Мәжілісінің депутаты  
(келісім бойынша)

Ғаббасов Энгельс - Қазақстан Республикасының  
Ғаббасұлы Парламенті Сенатының депутаты  
(келісім бойынша)

Нұрақышев Мұрат - Қарағанды облысы Қарқаралы  
Шәукенұлы ауданының әкімі

Вершинин Александр - Қазақстан Республикасының Әділет  
Юрьевич министрлігі халықаралық құқық және  
хаттама басқармасының бастығы

ЕСКЕРТУ. Құрам толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.07.08. N 943  
қаулысымен.

Р990943\_

2. Үкіметтік комиссияның жүктелген міндеттерді орындау үшін белгіленген тәртіппен орталық (оның ішінде аумақтық бөлімшелерден) және жергілікті атқарушы органдардан қажетті ақпарат, мүдделі мәселелер бойынша ұсыныстар мен қорытындылар алуға, сондай-ақ олардың мамандарын комиссияның жұмысына тартуға  
қ ұ қ ы ғ ы б а р .

3. Үкіметтік комиссия ең қысқа мерзімде:

осы аварияның медициналық-санитарлық, экологиялық және техногендік зардаптарын айқындасын;

аталған аварияның әсерін шектеу жөніндегі бірінші кезекті шаралар

жөнінде ұсыныс табыс етсін;

талап-арыз ұсыну үшін зиянның сомасын белгілесін;

аварияның зардаптарын жоюға арналған қажетті іс-шараларды іске асырудың мерзімдері мен тізбесін айқындасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Қасымбеков Б.А.